

Ұ.С. Қайырбекова<sup>1\*</sup>, А.А. Мамирбаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті, Шымкент, Қазақстан;  
<sup>2</sup>Мемлекеттік тілді дамыту институты, Алматы, Қазақстан  
(E-mail: [ulbolsyn\\_kudn@mail.ru](mailto:ulbolsyn_kudn@mail.ru), [aida.m.2024@mail.ru](mailto:aida.m.2024@mail.ru))

## Көпмағыналы «көрсет» етістігінің парадигмасы

Мақалада көп мағыналы лексемаға жататын «көрсет» етістігінің парадигмасы қарастырылған. Сөздікте оның бірнеше мағынасы берілген. Морфологиялық тұлғасына қарап –*m* қосымшасын өзгелік етіс жұрнағымен шатыстырып алуға болады. Бұл жерде біріншіден, етістіктің түрлену жүйесінің өзіндік тәртібі бар екендігіне сүйенсек, екіншіден, қазақ тілі агглютинативті тіл болса да омоним жұрнақтардың кездесіп отыратындығын ескереміз. Осы негізде мақалада «көрсет» етістігіне талдау жасалған. Зерттеу барысында салыстыру, талдау, жинақтау әдістері қолданылды. Нәтижесінде «көрсет» етістігінің ҚТТС-те көрсетілген бес мағынасынан бөлек басқа да қолданыстары толықтай ашылып, нақтыланып, теориялық тұрғыдан дәлелденді.

*Кілт сөздер:* сөз, көпмағыналық, парадигмалық қатынас, сема, етістік, сөздік.

### *Kipicne*

Сөз — тілдік элементтердің ішіндегі ең бастысы. Басқа тілдік құралдар сөзді бөлшектеуден (морфемаларға жіктеуден) немесе сөзді тіркестіруден (сөздерді қырын келтіріп сөйлем, сөз тіркесін құраудан) тұратын сияқты көрінеді [1, 34]. Дәстүрлі лингвистиканың деңгейлерінің (фонетика, лексика, морфология, сөзжасам, синтаксис) қай-қайсысының болмасын негізгі зерттеу нысаны осы сөз. Сөздің тұлғасы оның заттық жағы, сыртқы көрсетіліміне жатады. Тұлға бар жерде оның ішкі мазмұны да болатындығы белгілі. Бұлар бір-бірімен өте тығыз байланысты.

Тілімізде көп мағыналы сөздер мол. Ол сөздер көп мағыналыққа бірден ие бола салған жоқ. Әуел баста сөздер бір-ақ мағыналы болған. Ол мағына дамып, біртіндеп мағына үстіне мағына қосылып отырады.

Ғалым Б.Қ. Қалиұлы сөз мағынасының түрлері туралы, олардың сөздің негізгі (тура), қосымша (туынды) және ауыс/ауыспалы (келтірінді) мағыналары бар екендігін айтады [2, 40]. Қосымша мағына мен ауыс мағыналар кейде мәтіндік (контекстік) мағына деп те атала береді. Қалай аталған күнде де бұл соңғы үшеуі мағынаның жаңа түрлері емес, жоғарғы үшеудің басқаша аталынулары ғана. Айталық, негізгі (тура) мағыналар мен қосымша мағыналар атауыштық немесе фразеологиялық байлаулы мағынаға жатса, ал ауыспалы мағыналардың біразы синтаксистік шартты мағынаға жатады.

Көп мағыналықты тудыратын тілдегі субъективтіліктің өзі философиялық ұғымнан өзгеше. Философияда субъективтілікке сондай көзқараста болу, объективтілікті шектеу немесе объективтіліктен шектелу деген түсініктеме беріледі. Тілде сөйлеушінің жеткізілетін хабарға қатысын сөйлеу актісін жүзеге асыруынан-ақ көруге болады. Яғни сөйлеу белгілі бір субъектінің жеке әрекеті болып табылады. Дәстүрлі (бұрыннан қалыптасқан) тілдік мағынаны жүйелілік мағына деуге болады. Бірақ сол жүйелілік дәстүрлі мағынаның субъективтік қолданысқа түсу мүмкіндігі бар. Тілдегі көп мағыналық құбылысы речке (сөйлеуге) тән болса, ол субъективтілікпен тығыз байланысты.

Біріншіден, кез келген сөйлеу актісінің авторы болады. Сол сөйлеу актісінде тұлғаның (субъект) ойы мен сезімі қоса жүреді.

Екіншіден, ойын жеткізу үшін ол жүйеден өзінің мақсатына сай элементтерді пайдаланады.

Үшіншіден, сөйлеуші тілдегі қалыптасқан номинативтік мағыналарды нақты объективтік шындықтағы ұқсас заттармен (құбылыстармен) салыстыра ситуативтік мағына береді.

Төртіншіден, сөйлеуші немесе жазушы сөйлеу кезінде өз мақсатына қажетті стильді таңдайды.

Бесіншіден, сөйлеушінің сөйлеу сипаты оның мінез-құлқын, психологиялық жағдайын, коммуникативтік мақсатын байқатады.

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: [ulbolsyn\\_kudn@mail.ru](mailto:ulbolsyn_kudn@mail.ru)

Мамандардың айтуынша, тілде пайда болған мағына (тілдік тұлғаның қолдануымен) объективтенгеннен кейін жүйеде дербес өмір сүре береді.

Қай тілде болмасын даралаушы (оморфтық) тілдерді қоспағанда, етістіктер морфологиялық формаға бай сөз табы екендігі белгілі. Грамматикалық мағынаны білдіретін функциялы қосымшаларға (есімше, көсемше, жақ, шак) дейінгі аффикстердің өзі-ақ етістіктердің табиғатын сан қилы етіп тұр. Түбір етістік болсын, туынды түбір етістік болсын, негізгі етістік болсын, модификациялық етістік болсын сөздіктерден орын алатындығы белгілі.

Түбір етістіктер мен туынды түбір етістіктердің лексикалық мағыналарының түсіндірілуі заңды құбылыс. Өйткені жоғарыда айтып өткеніміздей, ҚТТС-те бір лексеманың барлық грамматикалық тұлғасын түгендеп беру мүмкін емес. Сондықтан да модификациялық етістіктердің өзі де (етістер, күшейткіш, реңк мәнді жұрнақтар) сөздікке жеке лексема ретінде там-тұмдап қана енеді.

Кейбір түбір етістіктердің тұлғасы анық болса, кейбірінің түбір-түбір емес екендігін анықтау қиын. Ондай тұлғаға көрсет етістігін жатқызуға болады. Біз мақаламызда соның желісін сөз етеміз.

#### *Зерттеудің деректері мен әдістері*

Зерттеу әдіс-тәсілдерін мақала нысанының синхрондық сипаттама әдісі арқылы ҚТТС-тегі көп мағыналы етістіктердің парадигмалық қатарлары нақтыланып, жүйеленді. Қазақ тіліндегі көп мағыналы етістіктерге лексика-грамматикалық талдаулар жүргізілді, қазақ тілінде сөздік жасау теориясын жетілдіру мақсатында көп томдық түсіндірме сөздіктердің материалдары зерттеу нысанына айналды. Яғни зерттеуге өзек болған негізгі материал қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінен алынды.

Осы әдісті қолданудың нәтижесінде қазақ тіліндегі көп мағыналы етістіктердің лексика-грамматикалық сипатын анықтап, оған морфология мен синтаксистің қатысы бар екендігі дәлелденді.

#### *Зерттеудің нәтижелері мен олардың талқылануы*

Екі негізгі мағынасы: КӨРСЕТ ет. 1. Көз салдыру, көргізу, қарату. – Жанын қия алатын бар ма деп сұраса, ең алдымен мен сені көрсетер едім, Омар, – деп ол жік-жаппар болып отыр (Б. Тілегенов, Аққайнар). – Өнеугі қызға менің хатымды көрсетіп, оқыпсың ғой? – деді Аян (С. Сейфуллин, Шығ.). Көрсетсең күйеуінді өзің ап кел. Ауылыңда ол келгенше отырады (Ақын жыр.). 2. Білдіру, байқату, аңғарту. Бұл мәліметтер түйе жүнінің сапасы жоғары екенін көрсетеді (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру). Өмір шындығы ненің дұрыстығын әлі-ақ көрсетер деп айтқан сөзін тілші бүгінге дейін ұмытқан жоқ (Абзал жан.). «Жүз» деген сөздің өзі «бағыт», «жақ», «бөлік» дегенді көрсетеді («Халық мұғ»). 3. Ауыс. Жасау, істеу. Жақсылықты досына көрсет, Досыңнан асса, өзіңе көрсет (Мақалнама). Сондай анаға кеше не көрсеттім (К. Баялиев, Дегелек). 4. Ауыс. Жала жабу, үстінен арыз түсіру. Сол жылы Абайды астыртын көрсетіп отырған — тағы да бүкіл бұзық ру басылары, сатымсақ болыстар (М. Әуезов, Әр жыл.). Ұрысы Қуандықтың шетке шауып, Айдаған қалың жылқы олжа тауып, Соңынан жедеқабыл қуғын келсе, Көрсеткен Әмірханды жала жауып (И. Байзақов, Ақбөпе). 5. Ауыс. Кіжіну, айбат шегу, қорқыту, қокан-лоққы жасау. Абылаевтың түсі бұзылып кетті: – Мен сен бұзыққа көрсетейін... (Х. Есенжанов, Тар кезең). Ол бөлімдегінің әрқайсысының жанына барып жеке-жеке төнді: – Мен әлі сендерге көрсетемін. Бәрінің үстіңнен қызыл судай жүріп кетем (Б. Қыдырбекұлы, Ұры.). – Оңбағандар, мен сендерге көрсетермін, – деп ол өзінен-өзі столды ұрды (С. Ерубаев, Шығ.) [3, 260]. Мәселен, ҚТТС-те берілген *көз салдыру, көргізу, қарату* деген бірінші мағынаны іштей жіктеп бөлуге болады. Бұл мағынаның жалпы және локальды (нақты) реңктерін байқау қиын емес. Жалпы бір нәрсені көрсету: Қаланың көрнекі орындарын көрсету. Мұражайды көрсету. Бұл қолданысында көрсету етістігі аралату лексемасымен синонимдес келеді. Сілтеу есімдігімен жүзеге асатын қимылды сипаттау (мынау мұражай, мынау жазушылар үйі) алдыңғы жалпы мағынаға (аралату мағынасына) қарағанда нақты локальды болып келеді. Мұнда іс-әрекеттің жүзеге асу сипаты да тез. Соңғысы, әрине, грамматикалық мағынаға жатады. Бірақ грамматикалық мағына лексикалық мағынадан шығатындығы, соның жалпылануынан туындайтындығы белгілі. Семантикалық тұрғыдан алып қарасақ та жоғарыдағы екі мағына бір емес. Салыстырып көрейік. Бірінші мағына аралату етістігімен синонимдес келсе, екінші мағына сілтеу етістігімен синонимдес келеді. Екеуінің басын біріктіруші істің нәтижесі субъектінің объектіні көруі: Мен оған қаланы көрсеттім (аралаттым). – Ол қаланы көрді. Ол маған жаңа ғимаратты көрсетті (нұсқады). – Ол жаңа ғимаратты көрді.

Көрсету тұлғасындағы көп мағыналы қолданыстардың барлығында да осы субъектінің объектіні көруі жалпылауыш сема болып табылады.

ҚТТС-те біреудің қимылын, іс-әрекетін салып беру, көрсету мағынасы ескерілмеген. Мысалы: *Сенің жүрісіңді көрсетейін бе? (Салып берейін бе?)*. Аталған көп мағыналы етістіктің қолданысында жоғарыдағы талданған аралату немесе нұсқау, сілтеу мағыналары жоқ, бірақ субъектінің өзінің жүрісін көруі, яғни жалпылауыш ортақ сема бар. *Көрсет* етістігінің бұл жұмсалысы *мазақтау, келемеждеу* мағыналарымен сәйкес, астарлас келеді. *Келемежге үйір Шукарь шал Макарддың суретін айна-қатесіз келтірді* (І. Омаров). Соңғы етістікті *көрсетті* деп қолдануға болады. *Ұялы телефонды қалай қолдану керектігін көрсетейін (үйретейін)*. *Сен маған мына есепті шығарудың жолын көрсет (үйрет)* және т.б.

Көрсет етістігінің осы мағынасының өзі көркем әдебиетте кейіпкердің әрекетін бейнелеу мен біреуді жәй өмірде келемеждеп көрсету (визуально) семаларының қолданысқа қарай актуальдануына байланысты жіктеледі. Бұлардағы ортақ сема — бейнелеу. Ал айырым семалар — мазақтау (қимыл арқылы) және кескіндеу (жазып сипаттау арқылы). Мысалы, С. Мұқанов өз шығармаларында кедейлердің ауыр тұрмысын көрсетті (бейнеледі).

Тілдік фразалық тіркестердің шығу тегі еркін тіркестер екендігін айтып жатудың өзі артық. Фразаларға тән белгілер — тұтастық, тұрақтылық және тиянақтылық. Әдетте, зерттеушілер тарапынан бұл аталған критерийлердің бірін — басты, шешуші, екіншісінен — көмекші не қосымша, үшінші біреуін — қосалқы, не шешуші емес деген тәрізді саралау, салмақтау талабы кездеседі [4, 204]. Жоғарыдағы аталған үш критерийлерді түгел қамтитын тұтастық пен тұрақтылық кез келген сөз элементінен немесе сөйлемнен табыла бермейді. Ал ондай белгілердің екеуі болып, бірі болмаса немесе біреуі ғана болып екеуі болмаса, ешбір лексикалық-грамматикалық тұлға ФЕ дәрежесіне көтеріле алмайды. Ал, ФЕ категориясын алатын болсақ, ол аталмыш үш белгінің, яғни жоғарыдағы үш өлшеудің үшеуіне бірдей ие, үш қасиетінің үшеуі бірінен-бірі ажырамай, іштей өзектесіп жатады. Міне, осыған орай ФЕ тілдің өзге категорияларынан оқшауланып, өзіндік бітім-бейнесімен тіл ішінде өмір сүреді, өз заңдылықтарын берік тұтынады [4, 205].

Бұл айтылғандар тұрақты тіркестерді терең талдап, артына осы жайлы мол мұра қалдырған академик І. Кеңесбаевтың тұжырымдамасы. Біз осыны (тұтастық, тұрақтылық және тиянақтылық) қатаң сақтап, аталған критерийлерге сүйенетін болсақ, *көрсет* етістігімен келетін тұрақты тіркестердің табиғатына басқаша қарауымызға тура келеді.

ҚТТС-де берілген ерлік *көрсетті*, *жігіттілік көрсетті*, *қайрат көрсетті*, *күш көрсетті*, *табандылық көрсетті* (соңғы екеуі сөздікте берілмеген). Бұл тіркестер субъектінің саналық белгісін, қажырлылығын байқататын ортақ мағынаға бірігіп тұр. Бұл тіркестер *арқасын көрсетті* (сырт айналуы) немесе *көмек көрсетті* (жәрдем берді, қолғабыс етті) деген тіркестегі мағыналардан мүлдем бөлек. Сондықтан оларды сөздікте бір жерге шоғырландырып берген жөн. Оның үстіне олардың грамматикалық модельдері де бірдей болып келеді.

Субъектінің сапалық белгісін байқататын *көрсету* етістігінің жоғарыдағы келтірілген тұрақты тіркес құрамындағы қолданысын бастағы мағынасы еркін тіркес екендігін ескеріп, жеке лексеманың көп мағыналық сипатын білдіретін тұсқа қоюға болады деген ойдамыз. Біріншіден, оның да ортақ өріске бірігуі мүмкіндігі бар. Мысалы, *Осы іске өзінің табандылығын көрсетті — Ол оның табандылығын көрді*. *Шабуыл кезінде жау қатты қарсылық көрсетті — Біз жаудың қарсылығын көрдік* және т.б.

Біз күнделікті тіршілікте *оны өмір көрсетеді*, *бәрін жағдай көрсетеді*, *уақыт көрсетеді* деген сөйлемдерді (фразаларды) жиі естиміз. КМ *көрсету* етістігінің парадигмалық қатарын осындай қолданыс арқылы да толықтыруға болады: *Нәтиженің қандай болатындығын болашақ зерттеудің нәтижесі көрсетеді — Біз болашақ зерттеудің нәтижесін болашақта көреміз*.

*Сағаттың тілі түскі бірді көрсетіп тұр*. *Термометрдің бағамы он градус жылылықты көрсетіп тұр*. — *Біз сағаттың тілін де, термометрдің бағамын да көрдік*. Бұл көп мағыналы көрсет етістігіне ортақ біріктіруші мағына болып табылады. Ал ажыратушы семалар жоғарыда айтылған *аралату, нұсқау, сілтеу, бейнелеу, үйрету, табандылық, таныту* сияқты болып келеді. Болашақ зерттеудің көрсетуі мен сағаттың тілінің көрсетуі де бір синтагмада тұра алмайтын құралдарға жатады.

Осы мәселені қорытындылай келе, КМ *көрсет* етістігінің жұмсалымынан шығатын он бір мағынасы бар екенін байқадық. Оны кесте арқылы былай көрсетуге болады (1-кесте):

## КМ көрсет етістігі

№	Жеке мағынасы	Ортақ мағынасы
1	Объектіні аралау	Аралаушының көріп шығуы (көру)
2	Объектіні нұсқап, сілтеп көрсету	Көрушінің нұсқаған жаққа қарауы (көру)
3	Біреудің қимыл-әрекетін салып беру немесе көркем шығармада кейіпкерді бейнелеу	Көруші, тыңдаушының әрекетті тануы (көру)
4	Біреуге бір нәрсенің қалай істелетіндігін үйрету (көрсету)	Біреу бір нәрсенің қалай істелетіндігін көреді (көру)
5	Бір істе субектінің қажырлық көрсетуін немесе жалпы бір нәрсенің сапасын білдіруі	Біреудің, бір заттың қажырлығын (сапасын) көреді (көру)
6	Болатын істі болашақтың көрсетуі	Оны сол кезде көру
7	Сағаттың тілінің уақытты және т.б. белгілеуі	Белгі арқылы бір өлшемді көру
8	Жала жабу, сыртынан көрсету	Жалалы адамды көру
9	Кіжіну, айбат шегу, Мен саған көрсетемін	Мінезін көру
10	Жақсылық істеу, көрсету	Жақсылықты көру
11	Бір нәрсені білдіру	Соған көзі жету (көру)

ҚТТС-те *көрсет* етістігінің екінші тура мағынасы ретінде *білдіру, байқау, аңғарту* семалары актуальдандырылып көрсетілген. Онда берілген мысалдарға қайта назар аударалық: *Бұл мәліметтер түйе жүнінің сапасы жоғары екенін көрсетеді* (И. Жұмағұлов). *Өмір шындығы ненің дұрыстығын әлі-ақ көрсетер деп айтқан сөзін тілші бүгінге дейін ұмытқан жоқ* (Абзал жан). *«Жуз» деген сөздің өзі «бағыт», «жақ», «бөлік» дегенді көрсетеді* (Халық мұғ.) [3, 207].

Біз кестеде келтірген парадигмалық қатарлардың бесіншісіне сөздіктегі бірінші мысал сай келеді. *Түйе жүні сапалы — біз оны байқадық*. Бұл мысалдың кестедегі бесінші бағамға сай келетінін мына мысалдармен салыстыру арқылы байқауға болады: *Асқар табандылық танытты (көрсетті) → Асқар табанды — Біз оны көрдік (байқадық)*.

Енді екінші мысалға келейік: *Ненің дұрыс-бұрыс екендігін өмір шындығы көрсетеді* деген мағынада келтірілген мысал кестедегі КМ *көрсет* етістігінің парадигмалық қатарының алтыншы бағамына сәйкес келеді. *Болатын істі болашақ көрсетеді — оған сол кезде көз жеткіземіз (көреміз)*. *Көрсет* етістігінің бұл мағынасы жоғарыдағы *сапаны* білдіретін мағынасымен бір синтагмалық қатарда тұра алмайды. Сөздікте берілген үшінші мысал кестедегі он бірінші бағамға сай келеді. Бір нәрсені білдіру.

Қазіргі қазақ тілінде өзгелік етістердің *-т, -тыр, -қыз* жұрнақтары бар. Дауысты дыбыстарға біткен етістіктерге *-т* қосымшасы, ал дауыссыз дыбысқа біткен етістіктерге *-дыр, -қыз* қосымшалары жалғанады. Бір айта кететін жайт, *-й* дыбысына біткен түбірге негізінен *-т* жұрнағы жалғанады. М. Оразовтың айтуынша, өзгелік етістің *-т* қосымшасы кез келген *-й* дыбысына біткен түбір етістіктерге қосыла бермейтін сияқты. Олар, біріншіден, екі не одан көп туынды етістіктерге, екіншіден, есім негізді туынды түбір етістіктерге қосылады [5, 45]. *Көрсет* етістігі қазіргі қазақ тілінде түбір тұлға ретінде танылады. Өйткені көр деген түбірдің көрдір, көргіз тұлғаларында келуін кездестіруге болады. Етістіктің түрлену тәртібіне сүйенсек, *көрсет* деген тұлға шартты райдан кейін тұрған өзгелік етіс жұрнағы дегенге келмейді. Өйткені шартты рай жұрнағы етістіктің функционалды жұрнақтарымен (көсемше, есімше) бір қатарда жалғанады да, кезінде Ы. Маманов көрсеткен «көпірдің» (*-ма, -ме* болымсыздық жұрнағы) бергі жағында тұрады. Ал, етіс жұрнақтары тікелей түбірден кейін жалғанады. Мысалы, көрсеткізбесеңдер, көрмесеніздер. Байқап отырғанымыздай, екі мысалда да болымсыздық етістігі шартты рай тұлғасының алдында тұр. Яғни, көрсет етістігін көр+сет аффикстерінің қосындысынан пайда болған туынды түбір, бұл күнде құрамын анықтау өте қиынға түсетін негізгі түбір деуге әбден болады. А. Қалыбаеваның айтуынша, көр-се-т етістігі орта ғасыр жазба нұсқаларында: көр-сәт < көр-іг-са-т < көр-іг-сақ-те деген тарихи қалыптасу процестерін басынан өткізген [6, 187].

Бір түбірден тараған екі тұлғаның (көр, көрсет) жеке лексикалық мағыналарын былай қойғанда (көру — көзбен көру; көрсету — көз салдыру, көргізу, қарату), семантикалық, валенттілік жағы да бірдей болып келмейді: көр (кім, нені), көрсет (кім, нені, кімге). Бірінші лексемаға екі тіркес міндетті болса, екінші лексемаға үш тіркес міндетті. Яғни екіншісінің осы тіркесімділік жағынан алғанда семантикалық мүмкіндігі жоғары деуге болады. Енді соңғысының сөздіктегі мағынасына талдау

жасап байқайық (біздің осы тарауда барлық түбір етістіктерге талдау жасап шығуға мүмкіндігіміз жоқ, сондықтан ҚТТС-тен бір-екеуін ғана (көрсет, кет) қарастырып шықтық. Олар жөнінде айтатын тұжырымдарды басқа етістік тұлғаларына да қолдана беруге болады).

### *Қорытынды*

Сөздің көп мағыналылығы — оның екі я одан да көп мағынаға ие болуын айтамыз. Тілімізде мұндай көп мағыналы сөздер мол. Бір сөздің бірнеше мағынаға ие болуы — сол сөз тән тілдің кедейлігін көрсетпейді, қайта оның байлығын көрсетеді. Өйткені байлық санмен ғана емес, сапамен де өлшенеді. Көп мағыналы сөздердің көп болуы — сапалылықтың, байлықтың белгісі.

Сөздің мағынасы сөйлеу үстінде ғана нақтыланатындығы белгілі. Тілде бір-ақ мағынада қолданылатын сөздер де болады. Алайда сөздің көп мағыналық сипат алуына ең алдымен, оның қолданылу жиілігі себеп болады. Бүгінгі түсіндірме сөздіктерде әдеби норма ретінде белгіленген көп мағыналы формалар кезінде жеке бір адамның өзінше нормадан тыс, норманы бұза қолдануынан келіп шыққан. «Нормалардың ауысуы мен ... түрлерінің пайда болуында тілдің өзі туғызған мотивтермен қатар, экстралингвистикалық факторлар да себеп болады» [7, 52]. Бір форманың бірнеше мағынасы жалпыға түсінікті болған кезден бастап, түсіндірме сөздіктерден орын ала бастайды.

Көп мағыналы сөздің семантикасы әрбір жеке мағынаны құрайтын семантикалық компоненттерден жинақталады. Бір сөздің (форманың) барлық мағынасы бір семантикалық белгіге негізделеді. Сөздің тура мағынасын лингвистикалық әдебиеттерде номинативті негізгі, бастапқы деп атайтындығы сондықтан. Осы негізгі, бастапқы мағына сөздің көп мағыналық сипат алуына тірек болады. Оған көз жеткізу үшін қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен таусылу мәніндегі біту етістігін талдап көрейік.

1. Бастапқы мағынасы. Жөке мен қайың жапырақтары әлде қашан-ақ түсіп біткен (Лацис). Тас жол бітіп, жай жолмен белеске шыға келгенде, аяқ астында қымыз фермасы көрінді (Ғ. Мұстафин). Етістіктің осы бір нәрсенің таусылуын білдіретін мағынасы кейінгі басқа мағыналарына негіз болған деуге болады.

2. Аяқтау, дайын болу. Ынталының ісі лезде бітеді. Енжардың ісі кейін кетеді (Айнабекұлы). Ұстамен жақсы болсаң ісің бітеді (Мақал).

3. Жараның жазылуы, тәуір болуы, тенеу, жетілу. Бүркіттің тепкі тырнағының түбінде тізесіне шейін тыртық болып біткен ақтандақтанып тұрған сирағын көрді (Әбдірақманов).

4. Шығу, өсу, өну. Әр жерде сиректеу біткен сексеуіл өртенген тамырдың түбінде болып көрінді (Айна).

5. Пайда болу, құралу. Тотыққан беттерге өзгеше нұр біткен (Омаров). Бұрынғы дала дала ма? Жайнады, міне түр бітті (Жамбыл) [8, 147].

Тілдің даму барысында сөздің мағыналық аясы кеңіп отырады. Тіл — тілдің лексемасында түрлі-түрлі мағынада жұмсалатын көп мағыналы сөздердің болуы сол тілдердің кедейлігін көрсетпейді, қайта оның байлығын, ондағы сөздердің мағыналық мүмкіндігінің молдығын, икемді және мәнерлі екендігін көрсетеді. Әрбір тілдің байлығы ондағы сөздердің санының молдығымен ғана өлшенбейді, сонымен қатар ондағы сөздердің мағыналық аясының кеңдігі, түрлі-түрлі мағынада қолданылуға икемділігі, мәнерлеуші, бейнелеуші тәсілдердің молдығымен де өлшенеді [9, 34]. Кейбір тұрақты тіркестер дамып мақалға айналып кетуі мүмкін [10, 13]. Бұның өзі ондағы жеке лексемалардың семантикалық мүмкіндігімен байланысты.

Сөздікте көп мағыналы сөздердің мағыналары белгілі бір жүйемен, белгілі бір реттілікпен орналасады. Өйткені сөздік құраушы көп мағыналы сөздердің мағыналарын орналастыруда ең алдымен негізгі, тура, атауыштық (номинативтік) мағыналарды, содан кейін туынды, мәтіндік мағыналарды, соңына қарай ауыспалы, келтірінді мағыналарды береді. Егер негізгі немесе қосымша (туынды, ауыс) мағыналардың өздері біреу емес, бірнешеу болып келген жағдайда олардың маңыздылығына қарай алдымен қайсысы, одан кейін қайсысы орналасатындығы да ескеріледі. Сөздік құраушы көп мағыналы сөздердің алдымен мағыналары (негізгі, тура, ауыс) мен олардың мағыналық реңктерін және төлиелік (авторлық) қолданыстарды бір-бірінен ажырата білуі қажет [2, 74].

ҚТТС-те көрсет етістігінің 5 мағынасы берілген. Осы етістікті жұмсалымдық жағынан алып қарастыратын болсақ, яғни, көрсет етістігінің тіл жүйесіндегі барлық қолданысын алып талдайтын болсақ, жоғарыда көрсетілген бес мағынасынан кеңірек екендігі байқалады.

«Көрсет» етістігінің он бір мағынасы толықтай аша отырып, олардың жеке және ортақ мағыналарына тоқталдық. Парадигмалық қатарларды түзе отырып, мысалдар келтірілді. Мұнда мақаланың негізгі бөлігінде талданғандай сөздің жалпылауыш семасы мен ажыратушы семасы негізгі рөл атқарады.

*Мақала 2023–2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP19677488).*

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қордабаев Т. Сөз және оның мағыналары / Т. Қордабаев // Қазақ тілі мен әдебиеті. — 1958. — № 1.
- 2 Қалиұлы Б.Қ. Біртүрлі сөздік жасаудың ғылыми-теориялық негіздері: моногр. / Б.Қ. Қалиұлы, Б.С. Қапалбек — Алматы, 2023. — 312 б.
- 3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. IX том. — Алматы: Ғылым, 1986. — 560 б.
- 4 Аханов К. Тіл біліміне кіріспе / К. Аханов. — Алматы, 1962. — 299 б.
- 5 Оразов М. Етістік / М. Оразов. — Алматы, 2001. — 385 б.
- 6 Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты / А. Хасенова. — Алматы, 1971. — 179 б.
- 7 Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы) / Р. Сыздық. — Астана, 2001. — 228 б.
- 8 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. I том. — Алматы: Ғылым, 1974. — 695 б.
- 9 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы / М. Оразов. — Алматы, 1991. — 216 б.
- 10 Қарсыбекова Ш. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді топтастырудың этнолингвистикалық принциптері / Ш. Қарсыбекова. — Алматы, 2004. — 26 б.

У.С. Каирбекова, А.А. Мамирбаева

### Парадигма многозначного глагола «показать»

В статье рассмотрена парадигма многозначного глагола «показать», который относится к многозначной лексеме. Словарь дает несколько его значений. По морфологическому признаку *-ть* можно спутать с суффиксом другого глагола. Здесь следует отметить, что, во-первых, система глагольных превращений имеет свой порядок, а во-вторых, несмотря на то, что казахский язык является агглютинативным, встречаются омонимические суффиксы. На этой основе в научной статье сделан анализ глагола «показать». В ходе исследования использованы методы сравнения, анализа, обобщения. В результате полностью раскрыты, уточнены и теоретически доказаны другие случаи употребления глагола «показать», помимо пяти значений, указанных в Толковом словаре казахского языка.

*Ключевые слова:* слово, многозначность, парадигматическое отношение, сема, глагол, Толковый словарь казахского языка.

U.S. Kaiyrbekova, A.A. Mamirbayeva

### The paradigm of the polysemous verb “to show”

The article discusses the paradigm of the polynomial verb “to show”, which belongs to a polysemous lexeme. The dictionary gives several of its meanings. The suffix *-t* can be confused with a different verb suffix, depending on the morphological feature. Here, firstly, we note that the verb modification system has its own order, and secondly, we note that although the Kazakh language is an agglutinative language, homonymous suffixes are found. On this basis, the scientific article analyzes the verb “to show”. In the course of the study, methods of comparison, analysis, and compilation were used. As a result, other cases of using the verb “to show”, in addition to the five meanings indicated in the Explanatory Dictionary of the Kazakh Language, were fully disclosed, clarified and theoretically proven.

*Keywords:* word, polysemy, paradigmatic relation, sema, verb, the Explanatory Dictionary of the Kazakh Language.

## References

- 1 Kordabayev, T. (1958). Soz zhane onyng magynalary [The Word and its meanings]. Kazakh language and literature, 1 [in Kazakh].
- 2 Kaliev, B.K., & Kapalbek, B.S. (2023). Birtildi sozdik zhasaudyng gylimi-teoriialyq negizderi [Scientific and theoretical foundations of creating]. Almaty [in Kazakh].
- 3 (1986). Qazaq tilining tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of Kazakh language]. Almaty: Science, Volume IX [in Kazakh].
- 4 Akhanov, K. (1962). Til bilimine kirispe [Introduction to linguistics]. Almaty [in Kazakh].
- 5 Orazov, M. (2001). Etistik [Verb]. Almaty [in Kazakh].
- 6 Khasenova, A. (1971). Etistikting leksika-grammatikalыq sipaty [Lexico-grammatical nature of the verb]. Almaty [in Kazakh].
- 7 Syzdyk, R. (2001). Tildik norma zhane onyng qalyptanuy (kodifikacijasy) [The Language norm and its normalization (codification)]. Astana [in Kazakh].
- 8 (1974). Qazaq tilining tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of Kazakh language]. Almaty: Science, Volume I [in Kazakh].
- 9 Orazov, M.(1991). Qazaq tilining semantikasy [Semantics of Kazakh language]. Almaty [in Kazakh].
- 10 Karsybekova, Sh. (2004). Qazaq tilindegi maqal-matelderdi toptastyrudyq etnolingvistikalыq printsipteri [Ethnolinguistic principles of grouping proverbs and sayings in Kazakh language]. Almaty [in Kazakh].

## Information about authors

**Kaiyrbekova, U.S.** — Candidate of Philological Sciences, Peoples' Friendship University named after academician A. Kuatbekov, Shymkent, Kazakhstan. E-mail: ulbolsyn\_kudn@mail.ru.

**Mamirbayeva A.A.** — Master's Student, Researcher, the Institute for the Development of the State Language, Almaty, Kazakhstan. E-mail: aida.m.2024@mail.ru.